

## Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы қызметін басқаруды жетілдіру туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 21 қаңтар N 53. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.10.31. N 1321 қаулысымен.

Азаматтық авиацияны дамыту мен пайдаланудың біртұтас мемлекеттік саясатын жүргізу, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының транспорт кешенін басқаруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 1992 жылғы 3 ақпандағы N 90 (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 5, 84-бап) және "Қазақ КСР-інің территориясында азаматтық авиацияның қызметін қамтамасыз ету мәселелері" деген 1991 жылғы 3 желтоқсандағы N 760 қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне азаматтық авиацияны мемлекеттік басқарудың мынадай функциялары:

а) Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық авиация субъектілерінің мына мәселелер:

- әуе кеңістігін пайдалану;
- әуе кемелерінің ұшуын және ұшу жарамдылығы нормаларын қамтамасыз ету;
- авиация оқиғаларын тексеру, табиғи зілзала мен басқа да төтенше жағдайлардың зардаптарын жою, іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу;
- азаматтық авиацияны пайдаланушыларды белгілеу, тіркеу және қызметін қамтамасыз ету;
- жолаушылар мен жүктөрдің тасылуын, әуе тасымалының, авиациялық жұмыс пен қызмет көрсетудің сапалық стандарттарын қамтамасыз ету;
- азаматтық авиацияны пайдаланушыларды күәліктендіру;

әуе кемелерінің, аэродромдар мен азаматтық авиацияны пайдаланушылардың Мемлекеттік тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет тәртібін реттейтін заңдар мен заңдық актілерінің жобаларын, стандарттарды, нормаларды, ережелер мен рәсімдерді әзірлеу, мұдделі органдармен келісу және белгіленген тәртіппен бекіту;

б) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын дамытудың тұжырымдамаларын, мемлекеттік және мемлекетаралық бағдарламаларын

әзірлеу, келісу және белгіленген тәртіппен бекіту;

в) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын мемлекеттік бюджетпен қаржыландыру саясаты жөнінде ұсыныстар қалыптастыру және оны жүргізу;

г) авиация кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алып, жекешелендіру бағдарламалары жөнінде ұсыныстар әзірлеу әрі оларды жүзеге асыруға қатысу және меншіктің әр алуан нысандарына негізделген жаңа құрылымдар құру, сондай-ақ олардың қызмет атқаруына рұқсат ету жөнінде келісу;

д) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация субъектілеріне мемлекеттік басқаруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

е) мемлекетаралық және халықаралық авиациялық ұйымдарда Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының еркін білдіру, азаматтық авиация саласындағы мемлекетаралық шарттардың жобаларын әзірлеу және олардың жасалуына қатысу жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мен Қазақ азаматтық авиация басқармасы Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы әуе көлігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 1992 жылғы 31 тамыздағы N 899 Жарлығына сәйкес өз қызметін Мемлекетаралық авиация комитетімен үйлестіретін болсын.

3. <\*>

Ескерту. Осы қаулының З тармағының күші жойылды - ҚРМК-нің 1994 ж. 6 қаңтар N 29 қаулысымен.

4. Азаматтық авиацияны мемлекеттік басқару функцияларының бөлінуіне байланысты Мемлекетаралық авиация комитетінің Кеңесіне қосымша Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің өкілі жіберілсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ азаматтық авиация басқармасымен бірлесе отырып, Қазақ азаматтық авиация басқармасын Ұлттық мемлекеттік акционерлік авиакомпания етіп қайта құру бағдарламасын қарап, 1993 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынысын.

6. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мен Қазақ азаматтық авиация басқармасы:

азаматтық авиацияда мемлекеттік және өндірістік-шаруашылық басқару функцияларын шектеу жөніндегі жұмысты жалғастырысын және 1993 жылдың 1 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің орталық аппараты құрамында Азаматтық авиация департаментін құру туралы ұсыныс енгізсін;

"Азаматтық авиацияны пайдаланушыларды пайдалану тұрғысында

куәліктендері рәсімдері мен инспекциялау жөніндегі Уақытша нұсқаманы" әзірлең, күшіне енгізсін;

екі ай мерзім ішінде Қазақ азаматтық авиация басқармасының Жарғысын осы қаулымен сәйкестендіру жөнінде ұсыныстар енгізетін болсын.

7. Осы қаулының 1-тармағында келтірілген мемлекеттік басқару функцияларын атқару үшін Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне тиісті еңбек ақы қоры бар қосымша сегіз штаттық қызмет орны бөлінсін.

8. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Қазақ КСР-інің территориясында азаматтық авиацияның қызметін қамтамасыз ету мәселелері" деген 1991 жылғы 3 желтоқсандағы N 760 қаулысының 2 тармағындағы екінші абзацының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК